## Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №1

**Күні:** 28.08.2021ж.

**Қатысқандар:**

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері – 9.
Мектеп директоры – Е. Қашаубай.
Мектеп директорының орынбасарлары – 4.
Әлеуметтік педагог – А.Есенгелдіқызы.
Бас есепші – Э. Бактиярова.

**Күн тәртібінде:**

**1.** «Қамқоршылық кеңесінің» іс-шара жоспарын бекіту.
**2.** Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан бөлінетін қаржыдан әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасының балаларын мектеп формасымен қамтамасыз ету.
**3.** Сабақ кестесінің талапқа сай құрылуы.

**Тыңдалды:**

Жиынды қамқоршылық кеңесінің төрайымы Г.Ғалымжанова ашып, кеңес мүшелерімен амандасты. Кеңес мүшелері түгел болғандықтан жиынды ашық деп жариялады.

Бірінші мәселе бойынша Г.Ғалымжанова сөз алып: «Қайырлы күн құрметті кеңес мүшелері! Бүгінгі жиынымыздың мақсаты түсінікті. Жылдағы дәстүр бойынша кеңестің 1-ші отырысы. 2021-2022 оқу жылының басталуына орай, іс-шара жоспарын жасақтау керек. Биылғы жылы оқушылардың барлығы дәстүрлі форматта оқиды. Сондықтан, іс-шаралар жоспарын жүйелі жасауымыз керек. Алдымен, сабақ кестесінің дұрыс, талапқа сай құрылуын қадағалауымыз керек. Ыстық тамақпен қамтылу жайы, киім-кешекпен, «мектепке жол», «қайырымдылық» акцияларын, тоқсан сайын кеңес отырысын ұйымдастырып, барлық мәселелерді сол отырыста талқылаймыз. Егер ұсыныстарыңыз болса, өз ойларыңызды ортаға салып отырыңыздар» - деп, сөзін қорытындылады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша А.Есенгелдіқызы сөз алды: «Қайырлы күн кеңес мүшелері! Жалпыға бірдей міндетті оқу қорының №163 ерекшелігі бойынша әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларға мектеп тарапынан материалдық көмек ретінде қыз балаларға арналған белдемшемен 15 оқушы қамтамасыз етілді. Олар:

1. Сұлтанғалиева Кәусар 7«в».
2. Сұлтанғалиева Жауқазын 11«а».
3. Жанабаева Алина 7«е».
4. Куанова Акбота 10«д».
5. Жасұлан Нұрлыжан 10«б»
6. Сисенгалиева Майра 5«д».
7. Қайдар Аида 7«а».
8. Бондарь Надежда 4«д».
9. Шынарбекқызы Айшабибі 7«б».

10. Жанибекқызы Айдана 3«б».
11. Жанибекқызы Акбота 5«б».
12. Яковлева Ева 8«д».
13. Тажиева Диана 8«б».
14. Тажиева Нургуль 5«б».
15. Кожатаева Жулдыз 6«а».

Сонымен қатар, ұл балалар классикалық үлгідегі шалбармен 15 оқушы қамтамасыз етілді. Олар:

1. Сулиев Владимир 6«д»
2. Бисенбай Бақдәулет 6«а»
3. Айтқали Сержан 6«д»
4. Майжанов Саттархан 9«д»
5. Есекен Салауат 3«ж»
6. Есекен Садуаққас 4«в»
7. Қуанышұлы Ерасыл 2«б»
8. Кадирбеков Муса 8«б»
9. Кадирбеков Мухаммад 5«б»
10. Кадирбеков Иса 3«б»
11. Байғазы Өмірхан 5«б»
12. Марал Акан 5«г»
13. Марал Акаман 3«в»
14. Яковлев Артур 8«г»
15. Хамидуллин Ибрахим 1«б»

Оқушылардың ата-аналары мен қамқоршылары келіп, акт-қа қол қоя отырып, киімдерін алып кетті» - деп, сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Дюсембиева: «Сәлеметсіздер ме құрметті кеңес мүшелері! 2021-2022 оқу жылынан бастап, әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес сабақ 45 минуттан болады. Санитарлық талапқа сай, бастауыш сыныптар орта буынмен, орта буын жоғарғы сыныптармен кездеспеуі керек болғандықтан. Әр буынға сабақ әртүрлі уақытта басталады. Сабақ кестесі де соған сай жасақталды» - деп, сөзін аяқтады.

**Шешім:**

**1.** Іс-шаралар жоспары жасақталып, бекітілсін.

**2.** Жалпыға бірдей міндетті әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларға талапқа сай көмек берілсін.

**3.** Келесі отырыс желтоқсан айында өткізілсін.

**Қамқоршылық кеңесінің төрайымы** Г. Ғалымжанова

**Хатшы** **А. Есенгелдіқызы**

**Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №2**

**Күні:** 04. 12. 2021 ж.

**Қатысқандар:**

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері – 9.
Мектеп директоры – Е. Қашаубай.
Мектеп директорының орынбасарлары – 6.
Әлеуметтік педагог – А.Есенгелдіқызы.

**Күн тәртібінде:**

1. Ыстық тамақтың ас мәзіріне сай берілуі.
2. Жаңа жылдық тәтті сыйлықтардың талапқа сай таратылуы.

**Тыңдалды:**

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Г.Ғалымжанова кеңес мүшелері түгел болғандықтан, жиынды ашық деп жариялап, кеңес мүшелерін күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары П.Бисекенова сөз алды: «Сәлеметсіздер ме кеңес мүшелері! 2021-2022 оқу жылының басында қалалық білім бөлімімен бекітілген екі апталық ас мәзірі келді. Оқушыларға ыстық тамақ сол ас мәзіріне сай беріліп жүр. Оқушыларға ыстық тамақ берілмес алдында мектеп медбикесі Г.Утекеновамен, әлеуметтік педагог А.Есенгелдіқызы тамақтан сынама алып, тамақтың сапасы мен дәмін қадағалайды. Содан кейін барып оқушыларға беріледі және бракераж журналы толтырылады. Асхананың ішкі тазалығы, дастарханның жайылуы күнде қадағаланып отыр. Оқушылардан сұхбат та алынып отырады. Осы уақытқа дейін асханаға сынып жетекшілер, оқушылар, ата-аналар тарапынан ешқандай шағым айтылған жоқ» - деп, сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог А.Есенгелдіқызы сөз алды: «Қайырлы күн кеңес мүшелері! Қазіргі еліміздегі пандемия жағдайына байланысты топтасып өтілетін шараларға шектеу қойылған. Сол себепті президент шыршасы өткізілмейді, бірақ оқушыларға арналған жаңа жылдық тәтті сыйлықтар таратылатын болады. Қалалық білім бөлімінен келген хатқа сәйкес, мектебімізден 10 оқушыға сұраныс беру сұралған. Сыйлық 7-13 жас аралығындағы оқушыларға таратылатын болады. Мектебімізден әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасылардың балаларынан келесі оқушыларды ұсынамын:
1. Тажиева Айша 4«а»
2. Кадирбекова Хадиджа 1«д»
3. Айтқали Аружан 4«г»
4. Марал Акаман 4«в»

5. Хамидуллин Ибрахим 2«б»
6. Жанибекқызы Айдана 3«б»
7. Асланұлы Айсұлтан 2«д»
8. Бондарь Надежда 4«а»
9. Сисенгалиева Майра 5«д»
10. Ханатжан Алихан 3«б»

Оқушыларға сыйлық мектептен таратылатын болады» - деп, сөзін қорытындылады.

Кеңес төрайымы Г.Галымжанова: «Тізімдегі оқушылардың құжаттары сәйкес келеді ме?».

Әлеуметтік педагог А.Есенгелдіқызы: «Барлығының құжаты сәйкес келеді. Қорғаншылықтағы, көп балалы, аз қамтылған оқушылар қамтылды және Ханатжан Алихан үйден оқитын оқушы болғандықтан тізімге қосылды» - деп сөзін аяқтады.

Ұсыныс бірауыздан қабылданды.

**Шешім:**

1. Ыстық тамақтың берілу жағдайы әрдайым қадағалансын.
2. Жалпыға бірдей міндетті әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларға талапқа сай көмек берілсін.

**Қамқоршылық кеңесінің төрайымы** **Г. Ғалымжанова**

**Хатшы** **А.Есенгелдіқызы**